



ПРИОЗЕРСКИЙ ВЕСТНИК

18+

№ 10/706

12 марта 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года



ОНЛАЙН БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯ

AL COMMUNICATIONS SERVICE OF R



11-наурыз күні Қарағанды облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында «Мемлекет басшысының Жолдауы аясында «Приозерск қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы, аймақтағы эпидемиологиялық ахуал» тақырыптарында онлайн баспасөз конференциясы болып өтті.

Онда Приозерск қаласының әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин тікелей эфир арқылы баяндама жасады. Әкім өз баяндамасында 2020-жылы атқарылған барлық жұмыстар мемлекет басшысының жолдаулары, «Нұрлы жер», «Рухани жаңғыру» және басқа бағдарламаларын, «Волонтер жылы» аясындағы шараларды іске асыруға бағытталғанын атай отырып, олар туралы арнайы слайттар арқылы көрсетілді. Соның ішінде қаланың экономикалық дамуы, өндірілген өнімдер мен инвестицияның негізгі капиталы, туризмді дамыту, туризм саласындағы инвестициялық жобалар бойынша Приозерск қаласында 2020-жылы кәсіпкерлер туризм саласында 4 инвестициялық жобаларды 84 млн. теңге сомасына жүзеге асырғаны жайында айта келіп, төмендегі мәселеге тоқталды: «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың бағдарламасы аясында, «Қайсар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі айналым капиталын ұлғайту мақсатына, 132 млн. 500 мың теңге көлемінде төмендетілген %-бен «Forte Bank» АҚ арқылы несие алды (кредит бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, кәсіпкердің кредитіне кепілдік беру «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы жүзеге асырылды). Несие сомасының жетпей тұрған несие бөлігінің 39 млн. теңгесіне «Даму» қоры кепілдік берді.

Рухани жаңғыру

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын мерекелеу аясында және «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының «Дәстүр және ғұрып» арнайы жобасы бойынша 2021 жылдың 1-5 наурызы аралығында @ovpkiqarpo инстаграм парақшасында онлайн форматта өткізілген «Тәрбие бастауы – Анадан» атты келіндер байқауы өз мәресіне жетті. Байқаудың мақсаты: Ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты келіннің орнының ерекше екендігін, отбасының ұйытқысы екендігін ұғындыру; Қазақ қыздарын ұлтымыздың салт-дәстүрі арқылы ұяндыққа, биязылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу. Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ұлттық құндылықтарын насихаттау.

«Келіні жақсының - керегесі алтын», - демекші, қаламыздың 18 бен 29 жас аралығындағы сұлу да сымбатты, ибалы, өнерлі, дана 8 келіні байқауға қатысып өзара сайысқа түсіп, салт-дәстүрімізді насихаттады. Біліктілігі мен білімін көпшілікке паш ете білген олар көпшіліктің жылы пікіріне ие болды. Жас келіндер байқаудың 4 кезені бойынша бақ сынады: 1.«Ұлттық киім үлгісін насихаттап сәлемдесу»; 2.«Салт-

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жайын сөз етіп, «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша Балқаш көшесінде орналасқан 45 пәтерлі үйдің (2-ші үй) және оның ИКИ құрылысы басталды. 4 қабатты кірпішпен қалап, қалқалар тұрғызылды, барлық инженерлік желілер тартылды, терезелер орнатылды. Құрылыс жұмыстары ағымдағы жылы жалғасуда. Тамыз айынан бастап, Достық көшесі, 1 үйдегі, 24 пәтерлі үйді әрлеу жұмыстары басталды. Ағымдағы жылдың ақпан айында үй пайдалануға беріліп, кезекте тұрған 24 отбасы жаңа



пәтерлерге ие болды. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін, Транспортная және Тәуелсіздік көшелерінде кәріз желілерінің құрылысы бойынша жұмыстар басталды, олар осы жылы аяқталады. Тұрғын үй кезегінде - 385 азамат тұр», - деді баяндамашы.

Жер, ТКШ бойынша да негізгі және басты мәселелер сөз болды. Жер телімдерін алу үшін арнайы есепте 417 азамат тұрғаны, қала бойынша 160 жер телімі Тәуелсіздік көшесінің бойынан, 61 үйді салуға алаң дайындалып, 28 жер телімі азаматтарға берілген, ұзақ уақыт бос тұрған коммерциялық мақсаттағы 30 жер телімі анықталып қалған учаскелер бойынша жұмыстар жалғасып жатқандығы айтылды. Орталық алаң алдындағы аумақ абаттандырылған және субұрқакты қайта жаңарту жүргізілген (ЖБ - 33,4 млн.тг. Мердігер -

"KazNetService" ЖШС, Қарағанды). Ауған жауынгерлеріміздің тілектеріне сәйкес, Ауған соғысы ардагерлеріне арналған ескерткішті абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, төсем төселген, жарықтандыру, орындықтар, коқыс жәшіктері мен ескерткіш такта орнатылған.

Қаланың жастар мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Атап айтқанда, өткен жылы қаламыздың Жастар ресурстық орталығы «Қайнар» сыйлығының, 19 орталықтардан «Облыстың ең үздік жастар орталығы» Атауына ие болды. «Жасыл ел» еңбек жасағы 7-ші жыл өз жұмысын жалғастырып, 60 жас жеткіншек жұмысқа тартылды. Қала әкімінің, жас кәсіпкерлерге 4 млн. 300 мың теңге сомасында 15 жобаның ішінен 4 грант берілді. Сонымен қатар, қаланың 5 жас кәсіпкері облыс әкімінің 1 млн теңгеден Гранттарға ие болды. «Zhas Projekt» жобасы аясында 25 жоба тіркеліп, 8 жоба Грант ұтып алды, әрбір жобаға грант сомасы 1 млн. тг. құрады. Жалпы былтыр қала бойынша

57 Грант берілді (34,5 млн.тг.).

Денсаулық саласы бойынша – қалалық ауруханаға ОБ қаражат есебінен 2 ИВЛ аппараты, 16 оттегі концентраторы; 46 бірл. пульсоксиметр, 9 көпфункционалды төсек-орын және жаңа сандық (цифровой) рентген-аппараты сатып алынды, 5 жерге оттегі газын беру станциясы орнатылды және 2 дана арнайы автокөлік алынды. Жас мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін аурухана балансына Абай көшесі, 15/1 үйдегі 6 пәтер берілді.

Білім беру саласына қатысты, 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту – 92,7% немесе 623 бала. Балабақшаға кезекте 353 бала тұр. Мектептерде 1 927 оқушы оқиды (2019ж. – 1 903 адам). 1 компьютерге 3,6 оқушыдан келеді (2019 жылы-4,5). Материалдық-техникалық базаны жаңарту жүргізілді. Мектептерге 508

жаңа компьютер және 192 ноутбук, 13 интерактивті панель, география кабинеті және мектепке дейінгі ұйымдарға арналған робототехниканың ойын кешендері сатып алынды. Барлық ұйымдар бейнебақылау камераларымен жабдықталған. Мектептер мен балабақшаларда қажетті ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қала мектептері кеңжақты интернет желісімен толық қамтылған, «Біліммедиагрупп» ақпараттық білім беру ресурсына қосылған. Қашықтықтан білім алу мақсатында, мектептер sdot.bilimal.kz платформасын қолдануда. 2020-жылы «Сағадат» командасының қатысушылары, яғни №2 мектептің оқушылары, VI республикалық әскери-патриоттық «Айбын -2020» онлайн жынында жүлделі 1-орынға және Гран-при иегері болып атанды.

Қала әкімі биылғы 2021-жылға бағытталған маңызды мәселелер жөнінде де нақтылап атап өтті. «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру аясында барлық инфрақұрылымы бар, тағы бір 45 пәтерлі, 5 қабатты үйдің құрылысы басталады. 13 жаңа кәсіпкерлік объектілерін салуға және техника мен жабдықтар сатып алуға, шағын және орта бизнес субъектілері қалаға, 370 млн. теңге инвестициялауды жоспарлап отыр. Аталған жобаларды іске асыру 20-дан астам жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Жас кәсіпкерлер үшін қала әкімінің 6,5 млн.теңге көлемінде гранттары және «Еңбек» бағдарламасы бойынша 200 айлық есептік көрсеткіш (МРП) көлемінде 10 грант қарастырылған. Қала әкімі өзінің баяндамасында цифрлар мен деректерді, жұмсалынған және орындалған қаражат сомаларын тиын-тебеніне дейін нақты және айқын көрсетіп берді.

Қ.А.Камзин сөз соңында биыл еліміз Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы еліміз болып аталып өтетінін еске салып, біз өмір сүріп жатқан Приозерск қаласына қатысы бар «Сарышаған» сынақ алаңына 65 жыл толатындығын ескеруіміз қажет екенін атап өтті.

Осынау мерекелі жылдың берекелі болуы қала басшылығынан бастап, тұрғындарға шейін байланысты болатынын естен шығармауға тиіспіз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

«ТӘРБИЕ БАСТАУЫ – АНАДАН» КЕЛІНДЕР БАЙҚАУЫ ӨТТІ

дәстүр»; 3.«Әйел үйдің жылуы»; 4.«Өз-өнері» тақырыптары бойынша видеолар түсіру.

Бас жүлдені және «Үздік келін» номина-

келесі үміткерлер ие болды: 1-орын және «Үлгілі келін» номинациясы – Туқенова Таңшолпан, 2-орын және «Өнерлі келін» номинациясы – Турарова Гүлжайна, 3-орын



циясын Жұмахан Шұғыла иеленді. Қалған жүлделі орындар мен номинацияларға

және «Сымбатты келін» номинациясы – Қален Акниет, 3-орын және «Қонақжай

келін» номинациясы – Еркембай Айгерім, «Парасатты келін» номинациясы - Тасмуратова Азиза, «Дана келін» номинациясы - Қудабаева Мереке, «Инабатты келін» номинациясы - Әллияз Мөлдір.

Сайыс соңында өздерінің білімі мен ептілігінің, іскерлігінің арқасында өзгелерден оқ бойы озып шыққан жеңімпаздар мен түрлі номинацияларға ие болған қатысушылар қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Жарас Қармысованың аналық ақ батасын алып, ұйымдастырушылар тағайындаған бағалы сыйлықтармен, қалалық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мадақтамаларымен марапатталды.

Бұл шараны өткізудегі мақсатымыз - келін мектебін жандандыру! Биылғы сайыс біз айтқан үдеден шықты деген сенімдеміз.

Дулатова Ж.Т.
«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ басшысының орынбасары

САЛТ-ДӘСТҮР – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Әлемдегі әрбір ұлттың өзіне тән құндылықтары – салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ұлттық мұрасы һәм ырым-тиымдары бар. Арғы бабаларымыздан мұра болып келе жатқан осындай киелі де, қасиетті дүниелерімізді көздің қарашығындай сақтап, оны болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыру біздің – аға, ата буынның парызы һәм қарызы. Тілінен, ділінен, ұлттық құндылықтарынан айрылған халық, жер бетінен жойылып кеткен халық есебіне жататыны анық. Сондықтан, мұндай құндылықтарымызды жас буынға үйретіп, насихаттап отырғанымыз дұрыс болар еді. Төменде біз осындай салт-дәстүрлер мен жөнжоралғылар жөнінде сөз қозғамақпыз.

Салт-дәстүрлеріміздің кейбірі халық арасында кеңінен пайдаланылып жүрген болса (айдар тағу, қонақ кәде, бастаңғы және т.б.), кейбірі ұмыт қалып барады. Әсіресе жастарымыз біле бермейтін салт-дәстүрлеріміз жетерлік. Ата-бабаларымыздан мұра боп қалған салт-дәстүрлер әрдайым игі мақсаттар үшін қолданыста болған. Сол себепті оларды біле жүру, кейкейде өмірде іске асыру да артық етпес.

Ақсарбас атау. Кеңеттен қауіп-қатерге ұшырағанында: «А, Құдайым ондасын! Мені осы қиындықтан құтқара гөр! Ақсарбас!» деп құдайы атайтын болған. Мұндай жағдайда «Ақсарбас!» деп үш рет айқайлаған. Сосын қауіп-қатерден аман қалғанында әлгі адам ауыл-аймағын шақырып құдайы берген. Ақсарбасқа шалынатын малдар: бозқасқа (қой), көкқасқа (жылқы), кызыл-қасқа (сиыр). Адам ақсарбас атағанда қай малын айтса, соны құдайыға союға тиіс.

Асату. Бұл дәстүр Сәбит Мұқановтың «Халық мұрасы» деген кітабында толық баяндалған. Дастарқан басында ет жеп отырғандар тоғая бастағанында, төрде отырған ақсақал қалған етті қолымен қонақтарға, жас балаларға асатады. Бұрындары ауыл балалары ет асаймыз деп қонақ келген үйдің қасында жүретінді.



Ат тұлдау. Ер адам қайтыс болғанында мініп жүрген атының жал-құйрығын күзеп, оны бос жібереді де, өлген адамның жылында сол атты әкеліп сояды.

Аунату. Қазақтар үйіне келіп қонақ болған, қонып кеткен атақ-даңқы бар батыр, би, ақын, жырау секілді танымал адамдардың отырған, жатқан жеріне «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы атасының қасиеттері қонсын» деп балаларын аунатып алатын болған. Елге, ағайынға сыйлы азамат кіндік қаны тамған туған жеріне келгенінде халық, туған-туыстары, дос жарандары оны сол жердің топырағына аунатып алған. Шыңғыс Айтмағов үйіне Мұхтар Әуезов келгенінде, ол отырған орындыққа ұлын аунатып алған көрінеді.

Аяғына жығылу. Кешірім сұраудың ең үлкен, кішіреюдің ең ауыр түрі – осы ғұрып. Оны орындағанда айыпты адам жанына абыройлы, қадірлі кісілерді ертіп алып, тисті адамның үйіне рұқсат сұрап кіріп, кешірім сұрайды. Айыбы үлкен болса, айыпкер өзі кінәлі болған адамның аяғына жығылып, оны құшақтаған қалпы жылап, кешірім сұрап, жалынған. «Аяғына жығылу» – әрі ғұрып, әрі жазаның бір түрі.

Байғазы беру. Үлкеннің кішіге, яғни балаға беретін сыйы. Жас ұл-қыз, бойжеткен, бозбала жаңа киім кигенде, жаңа зат алғанда аға, апа, ата-әжесінен, туған-туыстарынан оған байғазы сұрайды. Олар

байғазыға ақша, мал, мүлік, әйтеуір бір зат беріп, құтты болсын айтады.

Босаға майлау. Жастар шаңырақ құрғанында немесе біреу жаңа үй алғанында жақын туған-туыстары келіп жаңа үйдің босағасына май жағу салтын жасайды. Ол осы үй берекелі, майдай жұғымды, көптің үйі болсын деген жақсы ниеттен туған бұл жоралғының да тәрбиелік мәні зор. Босағасын майлаған адамға шаңырақ иелері кәде береді.

Енші беру. Ата-анасы тұңғыш және одан кейінгі балалары балалы болғаннан кейін «енді өз күндерін өздері көре алады» деген сенімге келіп, отау тігіп, бөлек шығарады. Сонда малынан – мал, мүліктен – мүлік бөліп береді, ыдыс-аяқ сыйлайды. Оған келіннің төркінінен келген дүниесі қосылып, жас жұбайлар жеке шаңырақ болып шыға келеді. Мұны енші беру деп атайды. Шаңырақтан отау бөлініп, елге айналатын бұл жоралғының жөні бөлек. Ата-анасы қайтыс болса, олардың малы мен дүние-мүлкі қалған ағасы інісіне еншібас беруге тиіс.

Ерулік беру. Ауылға басқа жақтан бір үй көшіп келсе, бауырларының бірі туған-туыстарына жапсарлас келіп қонса, көрші-қонақ немесе жақындары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіреді, табақ тартып, қонақасы береді. Осылайша қазақтар танысын, танымасын бір-бірін бетенсімей, өз ортасына тарта білген. Есесіне, ерулікте болған үй адамдары алдағы уақытта оларды шақырып, қарулығын беруге тиіс. Осылайша арада жақын қарым-қатынас орнайды.

Жылу жинау. Бір адам немесе отбасы бақытсыздыққа ұшырағанында, үй мүліктен, малынан айырылғанында ауыл тұрғындары, көрші-көлемі, туған-туыстары мал, дүние, ақшалай көмек көрсетеді. Мұны олардың ортасынан шыққан ауыл-үйге беделді, сөзі өтетін бір адам ұйымдастырады. Бұл жәрдем – жылу жинау деп аталады. Арам жолмен шығынға ұшырағандарға жылу жинамайды. Олар: дүние-мүлкін қартаға салып ұтқызып жібергендер, зинақорлыққа салғандар, ішіп құртқандар, қоғамның, мемлекеттің дүние-мүлкін жеп қойғандар.

Қазан шегелеу. Жақын туыс, әзіл-қалжыны жарасқан адамдардың үйіне екі-үш адам бірге барып: «Осы үйдің қазанын шегелей келдік» дейді. Бұл олардың түстеніп, ет жеуге келгендігі. Үй иесі оған әзілмен жауап қайтарып: «Жақсы болды, қазан шегелейтін адам таба алмай отыр едік» деп қонақжайлық танытады, әйелі ет асып қонақасы береді.

Қалау айту. Біреудің жақсы малына, мүлкіне көңілі кеткен адам сол үйдің иесіне немесе әйеліне, баласына соған лайықты бағалы бір тарту әкеліп, әлгі дүниені, жануарды «менің қалауым осы» деп сұрайды. Кейде үй иесі мұндай сыйлы, жөн-жоралғысымен келген қонаққа өзі сөз салып: «Бұл үйден қалаған бір заттың бар ма? Қалауыңызды айтыңыз» деп сұрап, қалаған затын сыйлайды.

Мойнына бұршақ салу. Ертеде баласы жоқ адамдар мойнына көгеннің бұршағын салып Құдайдан перзент сұрап жалбарынған, жылаған. Мойынға бұршақты бала тілегенде ғана салады.

Біз бұл мақаламызда қазақ халқы өз өмірінде қолданып келген, ұрпақ үшін аса қажетті, есімізде бар дүниелерді ғана жариялап отырмыз. Бұдан өзге де толып жатқан жақсы салт-дәстүр, жөн-жоралғылардың ел арасында бар екендігі және сақталып қалғаны анық. Сондай жақсы нәрселерді газетіміз арқылы бөліскілеріңіз келсе, редакциямызға хабарласуларыңызды өтініп сұраймыз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
журналист-ақын, ізденуші.

ТЕРРИТОРИЯ УЮТА И РАДОСТИ

Ключи от новых квартир получили 24 жителя Приозерска. Вскоре они смогут отпраздновать новоселье.

Строительство пятиэтажного дома, предназначенного для очередников, началось шесть лет назад. Однако через некоторое время возникли проблемы и подрядчик не смог продолжить реализацию жилищного проекта. Было решено его заморозить. В прошлом году стройку реанимиро-



вали. В рамках реализации госпрограммы «Доступное жилье-2020» из городского бюджета было выделено 158,192 миллиона тенге.

Поздравил горожан со столь значимым событием в жизни аким Приозерска Кайрат Камзин.

«Многие очередники долго ждали такого торжественного момента, - сказал он. - Это стало возможным в год 30-летия Независимости РК и 65-летия нашего города. Дом – это больше, чем просто стены и крыша над головой. Это – территория уюта и радости, где растут дети и внуки. Поздравляю вас. Желаю новоселам, чтобы в их квартирах всегда было светло и тепло. Достатка вам, радости и благополучия!»

Позднее здесь благоустроят дворовую территорию, установят детскую игровую площадку.

Среди тех, кто получил ключи от квартиры, - многодетная мама Алия Галиева. В очереди на жилье женщина стояла пять лет.

«Это для нас счастливый момент, - поделилась она. - Мы долго жили в съемных квартирах, часто переезжали. Это очень неудоб-

но. Благо государство оказывает поддержку: платит пособие, помогает погасить счета за коммунальные услуги. Нас навещают волонтеры, которые приносят продукты питания, вещи. Я сейчас одна воспитываю четверых ребятишек. Старшей дочери 10 лет. Она - моя помощница. Также мне помогают мои близкие. Папа и брат пообещали, что помогут мне наклеить обои в новой трехкомнатной квартире. Теперь у детей появятся свои комнаты. Это жилье – арендное, без права выкупа, так как мы относимся к социально-уязвимой категории населения. В месяц я буду платить 15,5 тысячи тенге.

Через месяц готова въехать в новые апартаменты и семья Назирова Бакишевой, которая работает в школьной библиотеке.

«Квартиру мы с мужем ждали восемь лет, - рассказывает она. - Сначала жили с родителями, потом переехали в съемное жилье. Нам не хотелось никого стеснять. Да и дети уже родились. Конечно, снимать квартиру дорого. В месяц мы платили по 40 тысяч тенге, плюс затраты на коммунальные счета. Когда нам позвонили и сообщили радостную весть, мы очень обрадовались. Вместе с детьми уже побывали в квартире. Там сделана чистовая отделка. Есть межкомнатные двери, линолеум, натяжные потолки. Уже решили, какие обои будем клеить в комнатах. Также нам предстоит приобрести мебель. Эти хлопоты – приятные. Нам сооб-



щили, что ежемесячно будем платить по 10 тысяч в течение трех лет. Потом имеем право выкупить. Стоимость двухкомнатной квартиры в новостройке составляет примерно шесть миллионов тенге. Мы начнем понемногу откладывать на депозит, чтобы со временем у нас была своя недвижимость.

**С. Сбродова,
по заказу ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков г.Приозерск»**

Қоғамға төнген қатер

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы-адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Демократиялық институттар мен құндылықтар сыбайлас жемқорлықтың көріністерімен, сондай-ақ одан туындайтын қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қатер төндіретін түйткілді мәселелерімен сыйыспайтыны анық. Тиісінше Қазақстанда іске асырылып жатқан демократиялық қайта құрулар сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне қарсы күресте жүйелі жұмыс істеуі мүмкін емес.

Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертені үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің бек көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Бұл –індет адамзат баласына жат қасиет. Кеңестік дәуірден бастау алған, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты,

бармақ басты әдеті әлі болса қылаң беріп келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік қаржысын талан – тарап етіп, ысырап қылу, жер телімін заңсыз беру, дүние – мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де баршылық.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықтың тамыры тереңде жатқан қауіпті әлеуметтік құбылыс.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Мұндай заңбұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға да тартылады. Оларға біздің қоғамда да, арамдықта да орын жоқ екенін түсінгені абзал.

**Ф. Жамбылбаева,
«Приозерск қ. жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің әлеуметтік жұмыс жөнінде маманы**

«СОТ ОРГАНДАРЫНАН ШЫҒАТЫН РЕСМИ ҚҰЖАТТАРҒА АПОСТИЛЬ ҚОЮ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ

Өңірімізде «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметін «Қарағанды облысы бойынша Соттар әкімшісі» РММ-і көрсетеді.

«Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде болып табылады.

Өтініштерді қабылдау және нәтижелерді беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы (мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз түрінде);

2) «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы арқылы (мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) жүзеге асырылады. Ішінара автоматтандырылған деуіміздің себебі – көрсетілетін қызметті алушы электрондық нысанда ұсынған ресми құжаттың түпнұсқасын тексергеннен кейін қызмет көрсетуші көрсетілетін қызметті алушы тағайындалған уақытта ресми құжаттың түпнұсқасын ұсынғаннан кейін ғана құжатқа апостиль қояды.

Аталған мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға да, заңды тұлғаларға да ақылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін мемлекеттік баж «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 615-бабының 7) тармақшасына сәйкес әрбір апостиль қойылатын құжат үшін 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алынады. (АЕК:2 = 2917: 2 = 1458 теңге 50 тиын).

Мемлекеттік баж екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы мынадай деректемелер бойынша төленеді:

Бенефициар – «Қарағанды қ. Қазыбек би ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

BSN – 950740000498

ЖСК – KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті ММ

БИК – KZKMFZ2A

Салық органының коды – 3020

ТТК – 911

ББК – 108125

Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі:

1) «Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қо-

сымшасына сәйкес өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);

3) апостиль қою үшін ұсынылатын сот органдарынан шығатын ресми құжат;

4) көрсетілетін қызметті алушының мүдделерін үшінші тұлға білдірген жағдайда, нотариалды куәландырылған сенімхат (салыстыру үшін);

5) көрсетілетін қызметті алушының тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса) өзгергенін растайтын құжаттың көшірмесі (егер ауысым Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылдан кейін тіркелген болса, құжаттың көшірмесі ұсынылмайды);

6) мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат (ЭУТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда).

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі:

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық өтініш;

2) апостиль қою үшін ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі);

3) мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі, ЭУТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда);

4) көрсетілетін қызметті алушының тегінің, атының, әкесінің атының (бар болса) ауысқанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (сканерленген көшірмесі, егер ауысым Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылдан кейін тіркелген болса, құжаттың көшірмесі ұсынылмайды).

Егер азаматтық хал актілерін тіркеу 2008 жылдан кейін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген болса, жеке басты куәландыратын, тегінің, атының, әкесінің атының ауысқанын растайтын құжаттар туралы, сондай-ақ бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжат (ЭУТШ арқылы төленген жағдайда) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның қызметкері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. Бұл үшін көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Приозерск қалалық сотының баспасөз қызметі

К сведению населения

ПОРТАЛ СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ

Портал социальных услуг (далее – портал) является частью единой информационной системы социально-трудовой сферы и представляет собой автоматизированную систему, предоставляющую лицам с инвалидностью возможность самостоятельного приобретения средств и услуг реабилитации непосредственно у поставщиков.

Со стороны государства предусмотрен механизм возмещения стоимости технических средств и услуг реабилитации. Порталом дополнительно предусматривается возможность доплаты при выборе потребителем более дорогих товаров и услуг.

Получатели услуг могут воспользоваться порталом самостоятельно или с помощью сотрудников отдела занятости и социальных программ.

Портал улучшает качество предоставляемых ТСР и услуг, сокращает сроки и



адресность их получения, определяет реальную потребность в ТСР и услугах.

А.Ю. Литовш,
заведующий сектором
государственного учреждения
«Отдел занятости и социальных
программ города Приозерск»

ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМ - ЗАМАНУИ ОРКЕНИЕТТІҢ БАСТЫ ҚАУІП-ҚАТЕРІ

Сонғы онжылдықта бүкіл әлемде терроризм мен экстремизмнің құбылысы, оның нысандары мен көріністері байқалуда.

Экстремизм мен терроризм бүгінгі таңда ең өзекті мәселе болып отыр. Саясатта белгілі бір бағыт ретінде экстремизм радикалды көзқарастарды жүзеге асырудың түрлі әдістерін ұстанады. Ол мемлекеттің тұтастығына, қоғамның бірлігіне қатер төндіріп, зорлық-зомбылықпен, фанатизммен, өздерінің принциптерін қорғай алмайтынымен, ымыраға келмеуімен сипатталады. Өзінің қауіпті тәжірибесінде экстремизм терроризммен тығыз байланыста.

Заманауи терроризм – бұл әртүрлі мемлекеттердің ұлттық шекараларының шегінен шығып, бүкіл әлемдік қоғамдастықтың қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірген күрделі, көпқырлы және аса жағымсыз саяси-әлеуметтік құбылыс. Жаһандық зұлымдықпен күресудің тиімді әдістері мен нысандарын зерттеуге арналған мемлекеттер басшыларының қатысуымен көптеген халықаралық конференциялар өткізілді. Осы форумдарда терроризмге тиісті халықаралық реакцияның оған қарсы күресудің халық-аралық жүйесі талап етілетіндігі туралы бірнеше рет айтылды. Терроризмге қарсы тұру үшін бізге терроризмнің мәнін нақты анықтау қажет.

Қазіргі таңда, «терроризм» мәнінің әмбебап анықтамасы жоқ. Барлығына мәлім, терроризм экстремизммен тығыз байланысты, яғни, экстремизм терроризмнің бір бөлігі болып табылады.

Демек, «экстремизм» тұжырымдамасын алдын-ала қарастырмай, «терроризм» ұғымының мәнін ашу мүмкін емес.

Жалпы термин ретінде «экстремизм» қазіргі заманғы саясаттың белсенді айналымына жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында ғана енгізілді. 2003 жылы ЕКПА (Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы) анықтағандай, «экстремизм» – бұл парламенттік демократия принциптерін тікелей немесе жанама түрде қабылдамайтын саяси қызметтің нысаны.

Экстремизм – бұл қоғамдық-саяси жүйенің идеологиялық және институционалды негіздерін жоққа шығаратын және заңды конституциялық тәртіпті тез арада күштеп өзгертуге шақыратын түбегейлі идеяларға негізделген саяси тәжірибе.

Заманауи терроризм мен экстремизм қоғам мен мемлекеттік қауіпсіздігіне белсенді түрде әсер ететін ауқыммен, әлеуетті арттырумен, террористтік және экстремисттік топтар ықпалды саяси құрылымдарға айналумен, террористтер мен экстремисттердің іс-әрекеттерінің қатыгездігімен және т.б. нысандармен сипатталады. Терроризм, экстремизм және ұйымдастырылған қылмыс – бүкіл әлемдік қауымдастық үшін аса қауіп-қатер ретінде саналады.

Діни экстремизм мен радикализм – бұл

жалпыға ортақ проблема Бұл проблемамен тек кейбір мемлекеттік органдар ғана жұмыс жасайды деп айтуға болмайды. Әрбір мемлекеттік орган өзінің функционалдық ерекшеліктерінің негізінде өз үлесін қосуы қажет.

Терроризмге және экстремизмге қарсы тұру – бұл әлемде құқық пен тәртіпті қамтамасыз етудің маңызды бағыты. Тіркелген қылмыстардың жалпы санының террористтік және экстремисттік сипаттағы қылмыстардың шамалы бөлігі болып табылатындығына қарамастан, олар қоғамның, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының теріс реакциясын тудырады.

Қазіргі таңда, осы терроризм мен экстремизмнің көрінісі мемлекетіміздің ғана емес, бүкіл әлемдік өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жастарымыз дәстүрлі емес діни ағымдардың қырларын білмегендіктен сол ұйымдарға бет бұрып кетеді.

Жастардың діни көзқарасы әлі де өзекті мәселе болып табылады және жүйелі талдауды қажет етеді. Әр түрлі себептермен дәстүрлі дінді жоққа шығаратын адамның көзқарастарына негізделген жастардың діни ізденісі ХХ ғасырдың жалпы көрінісін табады.

Жастар – біздің мемлекетіміздің болашағы, ол бізден күнделікті қамқорлық пен тынымсыз ілтипатты қажет етеді. Жастарымыздың адамзаттық болмыстағы, әсіресе, дін саласы сияқты өзекті саладағы құнды бағдарларын білу өте маңызды. Себебі, адамның жеке тұлға ретінде көбінесе жас жылдарында қалыптаса бастайды.

Діни көзқарастағы (деструктивті діни бағыттардың ықпалына түскен) кейбір жас азаматтар өздерін қоғам мен мемлекетке қарама-қарсы қойып, қазақ халқының рухани мәдениетіне және ұлттық дәстүрлеріне теріс көзқараспен қарайтын болды. Оларда тіпті зорлық-зомбылық тәсілдерін қолданумен мемлекетіміздің саяси құрылымдағы зайырлы сипатын өзгертуге ықыластары пайда болуда. Бұл көріністер қоғамда жаңа саяси-әлеуметтік пішіндердің қалыптасуына себептес.

Жалпы, дін саласында мемлекетімізде көп жұмыстар атқарылып жатыр. Салыстырмалы түрде қысқа мерзімде ұйымдастырылған жұмыс өзінің нәтижесін беріп, ал оның тиімділігі бірлікпен бірте-бірте өседі.

Мемлекетіміздегі діни ахуалдың тұрақталуы туралы негізгі бағаны беретін – халық. Осы кезеңде жұмыстың стратегиялық жолмен таңдалған бағыттарын жалғастыру, іс-тәжірибені біртіндеп жақсарту маңызды. Енді біз конфессияаралық келісімге, жоғары мәдениетке және қоғамды тәрбиелеуге негізделген еліміздің рухани байлығын сақтау және одан әрі арттыру үшін бәрін жасауымыз керек.

Н.М. Струментова,

«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысы

Онлайн семинар

САУАТТЫ ЖАРНАМА – ҚАЛА КӨРКІ!


2021 жылдың 26 ақпанында Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Сауатты жарнама – қала көркі» тақырыбында онлайн семинар өтті.

Аталған ішараға қала кәсіпкерлері қатысты. Бөлім басшысының орынбасары Ж. Дулатова көрнекі ақпараттар мен сыртқы жарнамалардың Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» және «Жарнама туралы» Заңдары талаптарына сай рәсімделіп, орналасуы бойынша қойылатын талаптарға тоқталып, түсіндіріп өтті.

Семинар бары-

сында қала кәсіпкерлері өздеріне қатысты сұрақтарын қойып, ойларымен бөлісті.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ





ТӘНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Спорттың адам өмірінде алатын орны ерекше. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, шыдамды, шымыр болады. Біздің ата-бабаларымыз «тәні саудың – жаны сау» немесе «бірінші байлық денсаулық», - деп бекер айтпаған. Осы мақсатта Қарағанды облысы білім басқармасының ұйымдастырумен ақпанның 15-20 аралығында «Денің сау болса, бәрін аласың» атты апталығы өтті. Дене шынықтыру пәні мұғалімдері іс шаралар өткізді. Ондағы мақсат: Оқушылардың спортқа деген қызығушылықтарын, өзіне деген сенімділігін арттыру, дене бітімінің ширақтануын жандандырып, жетілдіру.



Апталықтың алғашқы күнінде 1-4 сынып оқушыларының арасында «Салауатты өмір салты артықшылығы» атты тәрбие сағаттарымен ашылды. Тәрбие сағаттарының мақсаты оқушыларға денсаулықтың негізі кимыл, спорт, таза ауада жүру екенін ұғындыру. Аталған тәрбие сағаттарына ат салысқан сыныптар мен сынып жетекшілер 1В, 3Б, 4А, 3А, 4В сыныптар және Кошметова М.К., Макажанова Д.Т., Досымова А., Кузнецова О.А., Тәңірберген З.Т. сынды ұстаздарымыз.

Апталықтың екінші күні 9 сыныптар арасында «Баскетбол» ойындарын ұстаз

Нурпейсов Ерхан өткізді. Бұл іс-шараның мақсаты оқушыларды ұйымшылдыққа, жылдамдыққа және шапшаңдыққа үйрету.

Апталықтың үшінші күні 7-10 сыныптар арасында денешынықтыру пәні мұғалімі Сейдулла Таусоғаровтың ұйымдастыруымен «Тоғызқұмалақ» сайысы өткізілді. Сайыстың мақсаты салауатты өмір салтын сақтау, оқушылардың өнер мен денсаулық туралы түсінік беру.

Апталықтың төртінші күні 5 «А,Б,В,Г» сыныптары оқушыларының арасында денешынықтыру пәнінің мұғалімі Бекасыл Жумамуратовтың ұйымдастыруымен «Мини-футбол» ойыны өткізіліп, 5«В» сыныбы I орын, 5«А» II орындарға ие болды.

Апталықтың бесінші күні мектебіміздің денешынықтыру мұғалімдері апталығымыздың жабылу салтанаты мен спорт ойындарында орын алған оқушыларды марапаттау рәсімін өткізді. Қорыта айтқанда «Денің сау болса, бәрін аласың» атты апталық өз мәресіне жақсы ұйымдастырумен жетті. Еліміздің болашағы дені сау азаматтардың қолында. Денсаулықтың кепілі – салауаттылық, ал ұстаздардың мақсаты – салауатты өмір салтын саналы түрде таңдаған өркениетті елдің азаматтарын тәрбиелеу.

*Уа, халқым назар аудар денсаулыққа!
Өмірде бақыттысың денің сау да.
Денсаулық терең бақыт денген сөзді,
Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да -
демекші апталығымыз жоғары денгейде өтті деген ойдамыз.*

**С.Т. Таусорғаров, Е.Д. Нурпейсов,
№2 ЖОББМ денешынықтыру пәнінің
мұғалімдері**

ВНИМАНИЕ, КОРОНАВИРУС!

Уважаемые жители области!

В предверии весенних праздников хочется пожелать вам прежде всего здоровья и напомнить о том, что несмотря на нахождение Карагандинской области в «зеленой зоне» не стоит забывать о мерах предосторожности.

Регистрация коронавирусной инфекции продолжается, на сегодняшний день на территории области зарегистрировано свыше 15 тысяч случаев. Показатель заболеваемости на 100 тысяч населения составляет 1130,1, репродуктивное число 0,903.

Вы все прекрасно помните, новогодние праздники, когда по истечении одного инкубационного периода область оказалась в «желтой зоне» и были введены ограничительные меры.

Поэтому все еще актуальными остаются следующие советы:

- правильно носите маски,
- соблюдайте социальную дистанцию,
- без острой необходимости не посещайте места массового скопления людей,
- не участвуйте и не проводите массовые праздничные мероприятия,
- пользуйтесь антисептиками,
- соблюдайте гигиену рук!

Помните, только строгое соблюдение всех мер позволит нам сохранить эпидемиологическую ситуацию по коронавирусной инфекции стабильной. Берегите себя, своих близких!

Ю.Залыгин

*Главный государственный санитарный врач
Карагандинской области*

ХАБАРЛАҢДЫРУ ОБЪЯВЛЕНИЯ

Уважаемые жители города Приозерск!

Приглашаем вас посетить наш магазин “Золушка”, расположенный на центральном городском рынке. Вашему вниманию рекомендуем высококачественную косметику производства Южная Корея, средства ухода за кожей лица и тела, витаминные комплексы, бальзамы корпорации “Сибирское здоровье”. Принимаются заказы на доставку продукции по каталогу.

Также, наш магазин является точкой бесплатного распространения местной газеты “Приозерский вестник”.

Контактный телефон: 8-777-103-8589, Инстаграмм: zolushka_kor

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сағатбаева 15, Заказ № 10/706. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

БОЛЕЗНИ ОВОЩНЫХ И ПЛОДОВЫХ КУЛЬТУР

Заболевания овощных культур – вещь очень неприятная, ведь из-за них могут существенно снизиться объемы ожидаемых урожаев. Томаты нередко поражаются вершинной гнилью, бурой пятнистостью или фитофторозом, а кабачки, огурцы и тыква частенько атакуют мучнистая роса, макроспориоз, аскохитоз и антракноз. Картофель сильнее всего страдает от кольцевой гнили или парши, а редис с капустой – от сосудистого бактериоза, килы и черной ножки.

С макроспориозом, аскохитозом и антракнозом можно бороться с помощью бордосской жидкости, а спастись от мучнистой росы помогут «Каратан» либо коллоидная сера. При черной ножке молоденькие культуры обрабатывают формалином. От вершинной гнили поможет избавиться чередование культур.

Ничуть не реже овощных болеют и плодово-ягодные культуры. Они могут поражаться паршой, коккомикозом, мучнистой росой, серой либо плодовой гнилью, а также корневым или бактериальным раком.

Для профилактики коккомикоза дерева с кустиками рекомендуется обрабатывать раствором хлорокиси меди либо однопроцентной бордосской жидкостью. Как правило, такие обработки проводят на начальной стадии распускания почек. Чтобы побороть мучнистую росу, можно прибегнуть к помощи пятипроцентного раствора байлетона, а в случае поражения деревьев корневым бактериальным раком все срезы, обзаведшиеся после удаления наростков, обрабатывают однопроцентным раствором медного купороса. Для борьбы с паршой цветущие деревья обрабатывают раствором хлорокиси меди либо двухпроцентной бордосской жидкостью.

Помните о том, что вовремя выявленные заболевания – это залог благополучного избавления от них!

К.Р. Кадирова,

*и.о. госинспектора по защите растений
Приозерской ГТИ КГИ в АПК МСХ РК*

Осторожно, вирусная инфекция!

ВЫСОКОПАТОГЕННЫЙ ГРИПП ПТИЦ

Высокопатогенный грипп птиц - (Highly pathogenic avian influenza), острая высококонтагиозная вирусная инфекция, характеризующаяся поражением органов пищеварения, дыхания и высокой смертностью. Восприимчивы все виды домашних, синантропных и диких птиц.

Источником инфекции являются больные птицы, с экскрементами и секретами которых выделяется большое количество активного вируса. Заражение птиц происходит аэрогенно, алиментарно и трансвариально. Болезнь у птиц чаще протекает остро, особенно у молодняка, в короткое время поражает все поголовье группы со смертностью 80-100%.

У больной птицы устанавливают гипертермию (повышение температуры тела), сильную депрессию или даже коматозное состояние, затрудненное дыхание или одышку, обильное истечение слизи из носовых отверстий, отека в области головы, ног, синюшность клюва, гребешка, а у утят и гусят конъюнктивит, помутнение хрусталика глаза и потерю зрения на одном или обоих глазах.

Диагноз на высокопатогенный грипп птиц ставят на основании эпизоотических данных, клинических признаков, патолого-анатомических изменений и лабораторных исследований с постановкой биологической пробы, выделение и идентификацию возбудителя.

Меры борьбы и профилактика

В неблагополучных по высокопатогенному гриппу птиц хозяйствующих субъектах, населенных пунктах производят убой всей птицы, все трупы и всю продукцию утилизируют.

Для дезинфекции птичников используют дезинфицирующие средства, прошедшие регистрацию в Республике Казахстан и являющиеся эффективными против возбудителя данного заболевания.

В случае появления в хозяйствующих субъектах, занимающихся птицеводством, заболевания, вызванного высокопатогенными вариантами гриппа, в порядке, предусмотренном законодательством Респуб-

лики Казахстан в области ветеринарии, при выявлении случая заболевания птиц высокопатогенным гриппом, административная территория объявляется неблагополучной по гриппу птиц и устанавливается карантин. Утверждается состав специальной комиссии по борьбе с высокопатогенным гриппом.

Карантин с хозяйствующего субъекта снимают после убоя всей неблагополучной по заболеванию птицы и проведения заключительной дезинфекции в соответствии Законом Республики Казахстан «О ветеринарии».

В настоящее время в связи с напряженной эпизоотической ситуацией по высокопатогенному гриппу птиц, и в целях предупреждения заноса и распространения острозаразных болезней животных и птиц, сохранения стабильного эпизоотического благополучия на территории города Приозерска населению:

-запрещается выпас домашней водоплавающей птицы независимо от форм собственности в озере и в местах скопления диких перелетных птиц;

-запрещается бесконтрольный убой птиц в личных подворьях и реализации птицеводческой продукции без результатов предубойного и послеположного осмотра тушек ветеринарными специалистами;

- в личных подворьях владельцам птиц необходимо оборудовать вольеры (клетки), огороженные металлической сеткой для содержания птиц;

-не допускается совместное содержание птиц с другими домашними животными, в особенности со свиньями;

- о случаях падежа домашней и дикой птицы необходимо информировать ветеринарных специалистов;

-гражданам рекомендуется воздержаться от поездок в неблагополучные по птичьему гриппу зоны;

- соблюдать меры личной гигиены при обслуживании птиц.

С. Рымбекова,

*ведущий специалист ГУ «Приозерская
городская территориальная инспекция
КВКуН МСХ РК*

НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

Цена– 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр.Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35